БОРАЛДАЙ – ТАРИХ КУӘГЕРІ

18 СӘУІР – «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН ТАРИХИ ОРЫНДАРДЫ ҚОРҒАУ» КҮНІ.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қызметкерлері

Бұл күнді 1983 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясы бекіткен. Айтулы дата алғаш рет 1984 жылы аталып өтті және ол күнді мерекелеу бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда.

Жуырда Алматы қаласы Мәдениет басқармасымен бірге Алматы қаласы музейлер бірлестігі «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркінің кіре беріс алаңында «Халықаралық тарихи ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау» күніне орай «Боралдай – тарих куәгері» атты тарихи танымдық, мәдени-спорттық іс-шараны өткізді. Іс-шараның өтуіне тарихи орынның таңдалу себебі, Қазақстанның қасиетті географиясы жобасына енген «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркі – Алматы аумағы бойынша жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне енген 6 ескерткіштің бірі болып саналады. «Боралдай сақ қорғандары» Алматының солтүстік батысында, Үлкен Алматы өзенінің сол жағалауында орналасқан. Солтүстігінде Боралдай ауылымен, оңтүстігінде Үлкен Алматы каналымен шектеседі.

Аталмыш іс-шараның басты мақсаты өскелең ұрпақтың тарихи ескерткіштерімізді білуіне, мәдени мұрамызды қастерлеп, оған құрметпен қарауына бағыт беру, тәрбиелеу.

Аталмыш шараға Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, Алматы қаласы Алатау ауданының әкімдігі, «Жас Отан» Жастар қанаты, «Алатау дәстүрлі өнер театрының» өнерпаздары, Еуразия инновациялық экономика және басқару академиясы қаржы-экономикалық колледжінің оқытушылары мен студенттері, Алатау ауданында орналасқан мектептердің мұғалімдері мен оқушылары және қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Шараға жиналғандар

Отан тарихымен байланысты қойылған викториналық сұрақтарға жауап берген жеңімпаздарды марапаттау сәті

«Халықаралық тарихи ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау» күнінің тарихи маңызы, соның негізінде «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркі туралы да ақпарат алды. Мектеп оқушылары да тарихи ескерткішерді қорғаудың, сақтаудың маңыздылығы туралы баяндамалар жасап, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен таныстырды.

Іс-шара барысында «Алатау дәстүрлі өнер театрының» өнерпаздары, колледж студенттері мен мектеп оқушылары дәстүрлі және патриоттық әндер мен ұлттық би түрлерін орындады. Жиналғандардың Отан тарихынан білімдерін тексеру мақсатында бірнеше викториналық сұрақтар қойылды. Келушілерге дәрістер, экскурсиялар жүргізілді. Іс-шараға арнайы шақырылған атбегілер жастарға атқа міну мәдениеті, ат ерттеу, ер жабдығы туралы шеберлік сағаттарын жүргізді. Жастар арасында арқан тартыс, қол күрестіру, гир тасын көтеру сияқты спорттық ойындар ұйымдастырылды. Жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Іс-шара соңында Кешен маңына «Жастар жылына» байланысты «Өз елкенді қадір тұт» атты акциясы бойынша ағаш көшеттері отырғызылды. Тарихи-танымдық іс-шара келушілердің көңілінен шықты.

Қазіргі таңда Қазақстан аумағында 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіштер сақталған. Тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау баршамыздың міндетіміз.

Тимур БОЛСЫНБЕК
Алматы қаласы

Жетісудың кәсіпкерлері көпбалалы екі отбасыға баспана сыйлады

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР КӨПБАЛАЛЫ ЖӘНЕ ТҰРМЫСЫ ТӨМЕН ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛҰШЫН БЕРІП, ҚУАНЫШҚА БӨЛЕУДІ ЖАЛҒАСТЫРУДА. КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНДА НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА БАСТАУ АЛҒАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАУЫП, ТАҒЫ ДА КӨПБАЛАЛЫ ЕКІ ОТБАСЫ ҮЙЛІ БОЛДЫ.

Жаны жайсаң, қайырымы мол Қоғалы ауылдық округінің «Ақмарал» жеке шаруа қожалығының басшысы Болат Бұраханов жомарттық танытып, өз атынан көпбалалы ана Айнұр Қыстаубаеваға 4 бөлмелі үй сыйлады.

– Балаларымның армаңы орындалды, біз үшін баспана басты мәселе ғой. Осы уақытқа дейін бес баламен үйсіз, пәтерден-пәтерге көшіп жүргенбіз. Осындай жомарт жандардың жақсылығының арқасында енді міне, өзіміздің шаңырағымыз бар. Бұрханов мырза бұл баспананы сыйламаса, кім біледі әлі қанша жыл пәтер жалдап көшіп жүретінімізді, мен өте қуаныштымын, – дейді жаңа баспана иесі.

Дәл осындай қуанышқа кенелген жанның бірі – Көксу ауылының тұрғыны, алты бірдей баланың анасы Меруерт Доланбекова.

«Абыхан» жеке шаруа қожалығының басшысы, іскер азамат Серік Абыханов үнемі тұрмысы төмен отбасыларға жәрдем беруге ықыласты екенін тағы бір дәлелдеді. Төрт бөлмелі үйді сатып алып, алты баласы бар анаға сыйға тартты.

– Ауданымызда көпбалалы аналар саны аз емес, өз елінде жүріп олардың баспанасыз болуы менің жаныма қатты батады. Қолымнан келгенше оларға жәрдем беруге барынша атсалысамын. Өңірімізде басталған мұндай қайырымдылықтар әрі қарай жалғасын тауып, қазақтың әрбір батыр аналарының көңілі тоқ болса екен деп тілеймін, – дейді жеке кәсіпкер.

Қуаныштары қойнына сыймаған аналар мейірімді жандарға шексіз алғыстарын жеткізіп, жанарларына жас алды.

Меруерт МАХМҰТЖАН

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҰСТАЗДЫҢ, ӘСІРЕСЕ АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ҰСТАЗДАРДЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІН АТАП АЙТПАСҚА БОЛМАС.



Сондай жас ұстаздың бірі – Азамат Әтішев. Ол Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Түрген ауылы Ломоносов атындағы орта мектепте денешынықтыру пәнінің мұғалімі болып істеп жүр.

Азамат ЦСК спорт колледжін аяқтаған соң Аягөз әскери бөлімшесінде әскери қызметін атқарып, 2012 жылы ауылына оралған соң аталған мектепке жұмысқа орналасады. Жұмыс істей жүріп Туризм және спорт академиясын бітіреді.

Бір қарағанда денешынықтыру пәні жай ғана жеңіл пән сияқты. Бірақ қазіргі заманда телефон мен компьютерге телмірген балалардың бір уақыт спортпен айналысуына жаттығу залдары мен спорт алаңдары жоқ ауылдық жерде денешынықтыру пәнінің орны ерекше. Жас ұрпақты дені сау азамат етіп тәрбиелеуде осындай ұстаздардың еңбегі зор.

Болашақ олимпиада чемпиондары мектеп қабырғасынан шығады десек артық айтпаймыз. Азамат еңбек етіп жүрген жылдар ішінде тәрбиелеп жатқан шәкірттері аудандық, облыстық спорт жарыстарына қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Азамат өзі көп сөйлемейтін, жұмысын сөзбен емес ісімен дәлелдеп жүрген жас маман.

2019 жыл Жастар жылы болып жарияланғаны белгілі, соған байланысты ауылдық жерде еңбек етіп жүрген жас мамандарды атап өткен жөн сияқты. «Азамат мектебімізде өткен мұғалімдер сайысына қатысып жеңіп шығып, аудандық «Жылдың үздік мұғалімі» сайысына қатысып бас жүлдені иеленіп, облыстық байқауға жолдама алды. Азамат мектебіміздегі үлгілі ұстаз ғана емес шәкірттерінің жетістігімен облыс көлеміне танылып жүрген жас маман», – дейді мектеп директоры Гүлнәр Мусина.

«Өскелең ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеп, бойына өз еліне, тіліне деген құрметін сіңіріп, еліміздің болашақ жастарының дені сау, шымыр да мықты, саналы да білімді болып өсуіне әлі де қосар үлесім зор. Болашақта Түрген ауылынан олимпиада чемпиондары шығады», – дейді Азамат Құлжабекұлының өзі де.

Бізде осы орайда Азаматтың еңбегі жанып, жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелей беруге тілектес екенімізді білдірдік.

Аяулым ШАЙМАРДАН